

Еліміздің ағарту ісі мен ғылымының дамуына ерекше үлес қосқан біртуар азаматтарымыз баршылық. Олар өмірден озса да, елі үшін жасаған істері халық жадында мәңгі сақталмақ. Қай салада болмасын, еңбек етіп, сол еңбегінің нәтижесін көріп, ал ол нәтиже халық игілігіне айналса, сол адамдарды ұлы деп айтсақ қателеспейміз. Қазақ халқының біртуар ұлы азаматы Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің аты бүгінгі таңда Қазақстан тарихында алтын әріптермен жазылды.

*Жақсының аты өлмейді...*



диссертациясын тамаша қорғады.

Бар болғаны 39 жасар қазақтың біртуар азаматы Өмірбек Арысланұлы Қазақстанның белді университеттерінің біріне ректор болып тағайындалды. Сол уақыттарда жаңа басшының іскерлік тәсілі, күш-

жігері, көзқарасы шын мәнінде жаңашылдық ретінде қабылданды. Республика жаңашыл білікті мамандарға аса зәру еді. Осыны нақты сезінген Жолдасбеков Өмірбек Арысланұлы білікті мамандар даярлауға айырықша көңіл бөлді.

Жалғасы 4-бетте

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ Басқарма төрағасы – ректор Жансейіт Түймебаев Қазақстандағы Франция Республикасының Төтенше және Өкілетті елшісі Дидье Канесспен кездесіп, ғылым-білім және мәдени бағыттар бойынша өзара ынтымақтастықты тереңдету мәселелерін талқылады.

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ



Жалғасы 2-бетте


ҚАЗҰУ ЖУРНАЛДАРЫ  
ЖОҒАРЫ ИНДЕКСТІ  
ИЕЛЕНДІ



2-бет

ЗИМНЯЯ  
МЕДИА-ШКОЛА

7-стр.



ТӘУЕЛСІЗДІК –  
БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

8-бет





# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ



## Жалғасы. Басы 1-бетте

Францияның Елші Дидье Канесс өз кезегінде, бұдан 10 жыл бұрын құрылған «Геоэнергетика» орталығының жұмысы туралы, оның негізінде климаттық өзгерістер саласында зерттеулер жүргізілгені, ауқымды ғылыми жобалардың жүзеге асырылғандығы жайында айтты.

«Ендігі қадам, нәтижелі жұмыс жасап отырған осы орталықты Қазақстан-Франциялық ғылым, технологиялар және энергетика институтына айналдыру болмақ, бұл бастама бірлескен жұмыстың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашатын болады. Қазіргі уақытта біз осы трансформацияны аяқтау кезеңінде тұрмыз. Келісімге қол қою үшін кейбір ортақ мәміле жасауымыз керек. Қыркүйек айында жаңа Институт ғалымдарға, оқытушылар мен студенттерге өз есігін айқара ашады деп жоспарлап отырмыз», – деп Елші алдағы жұмыстарынан хабардар етті.

Кездесу барысында Жансейіт Қансейітұлы ынтымақтастықты басқа бағыттарда дамытудың үлкен перспективаларының бар екендігін алға тартты.

Атап айтқанда, ол француз ғалымдарын бірлескен археологиялық зерттеулерге

қатысуға шақырды.

«ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінің әлеуеті зор. Қазақ даласы аумағында біздің дәуірімізге дейінгі IV-V ғасырларда болған Сауран, Фараб (Отырар), Испиджаб сияқты оннан астам ежелгі қалалар мен елді мекендер Қазақстандағы археологиялық зерттеулердің көзі мен орасан зор мүмкіндіктері болып табылады. Осы саладағы танымал француз мамандарымен ынтымақтастығымыз алдағы уақытта да жемісті, қызықты әрі пайдалы болады деп санаймын», – деді ректор кездесу барысында.

Дидье Канесс ҚазҰУ ректорының ұсынысын қуана қолдап, серіктестіктің жаңа бағыттарын дамытуға көмек беруге дайын екендігін білдірді. Келіссөздер барысында тараптар гуманитарлық ғылымдар мен қос дипломды білім беруді, туризм саласын дамыту, сондай-ақ француз тілін үйрену саласындағы ынтымақтастықты жандандыру қажеттігін атап өтті.

Өз тілшімізден



## ҚАЗҰУ ЖУРНАЛДАРЫ ЖОҒАРЫ ИНДЕКСТІ ИЕЛЕНДІ

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршы сериялары Web of Science платформасындағы «Ресейлік ғылыми дәйексөздер индексіне» енгізілді және қазір Web of Science базасы университеттің 7 журналын индекстейді. Бұл Қазақстан университеттері мен ғылыми-зерттеу институттары арасындағы ең жоғары көрсеткіш болып табылады.**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің үш ғылыми журналы, атап айтқанда «Химия», «Физика» және «Математика, механика және информатика» хабаршы сериялары Web of Science мәліметтер базасының индекстеу тізіміне қосылды.

Бұл уақытқа дейін осы мәліметтер базасында «International Journal of Mathematics and Physics», «International Journal of Biology and Chemistry», сондай-ақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірлесіп шығарылатын «Eurasian Chemico-Technological Journal» және «ҚР ҰҒА Хабаршысы. Физика және математика сериясы» журналдары болған.

Russian Science Citation Index (RSCI) – бұл ғылыми басылымдардың көп салалы дерекқоры және ол Web of Science-ке енгізілген зерттеу нәтижелерінің әлемдік қол жетімділігін қамтамасыз етеді.

Russian Science Citation Index (RSCI) индексінің дерекқорына ғылыми

жарияланымдарды қосу үрдісі бағалаудың бірнеше кезеңінен тұрады, соның ішінде Ресейлік ғылыми дәйексөздер индексіндегі (РИНЦ) журналдың библиометриялық көрсеткіштері және жетекші ғалымдармен басылымның ғылыми сараптамасы қарастырылады.

RSCI-де маңызды ғылыми құндылығы бар ең жақсы басылымдар жинақталған. Сондықтан, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы серияларының

Russian Science Citation Index дәйексөз индексіне қосылуы, сондай-ақ ғылыми қауымдастық үшін ең беделді Web of Science мәліметтер базасындағы университеттің 7 журналының индекстелуі Университеттің ғылыми зерттеулер мен ғылыми жарияланымдар сапасын арттыру стратегиясының сәтті екендігін тағы бір рет дәлелдейді.

Өз тілшімізден

■ QYSQA-NUSQA

**Ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық ынiversitetiniñ mehanika-matematika fakültetiniñ "mehanika" mamandygynyñ 4-kýrs stýdentteri «Respýblikalyq fizika-matematika mektebinde» pedagogikalyq praktkadan ótti.**

Mamandyqtaryna sáikes 52 stýdent-praktikant «Matematika» jáne «Fizika» kafedralaryna bólindi. Ár stýdet osy eki pánniñ birin tañdap, aldymen sol pánnen onlain rejimdegi sabaqtarğa qatysty, keim ózderi de onlain rejimde sabaqtar júrgizdi.

Praktika aldynda stýdentterdi tolğandyrgán suraqtar: «Men múldem sabaq berip kórgen joqpyñ», «Qalai bolar eken?», «Sabaqty onlain qalai ótkizemiz?», «Oqýshylarmen onlain jumys istey qıyn bolatyn shyğar» degen suraqtar men kúmandi oılar basym boldy.

Tórt aptağa sozylğar pedagogikalyq praktika barysynda jetekshilik etken Respýblikalyq fizika-matematika mektebiniñ tájirbeli ustazdary stýdentterge ustazdyqtyñ syryn meñgertti. Mehanika kafedrasý tarapynan pedagogikalyq praktikağa f.m.ğ.k., dosent A.K. Týlepbergenov jetekshilik etti.

\*\*\*

**Akademik Ó.A. Joldasbekov atyndağy mehanika jáne mashinataný instýtýty ál-Farabi atyndağy Qazaq ulttyq ýniversiteti mehanika-matematika fakúltetiniñ mehanika kafedrasyna Akademik Ó.A. Joldasbekovtyñ «Teorialyq mehanika esepter jinağy» atty 64 oqý quralyn syğa tartty.**

Oqýlyq 2003 jyly Almaty qalasýnda «Ğylym» baspa ortalyğynda jaryqqa shyqty. Mamandardyñ atýynsha, jalpy quny 67840 teñgege bağalanatyn bul kómek mehanika kafedrasynyñ kitap qorын tolyqtyryğa bağyttalğar. Kitappen qamtamasyz etý – ýniversitettegi oqý prosesiniñ mañyzdy kórsetkishteriniñ biri bolyp tabyldy. Kitap teorialyq mehanikany oqıtyn stýdentterge arnalğar jáne mehanika salasýndağy mamandarğa da paidaly bolary sózsiz. Mehanika kafedrasý instýtýttyñ bas direktory A.K.Týleshovke mehanika kafedrasyn kitappen qamtamasyz etýge qosqan óteýsiz kómegi úshin úlken rizashylyğын bildiredi.

\*\*\*

**Jasandy intellekt jáne Big Data kafedrasý zertteý bóliminiñ ғылыми qyzmetkerleri stýdenttermen kezdesti.**

Bolashaq mamandardy yntalandyryñ maqsatynda ótken shara stýdentterge zerthana jumysy jáne onyñ negizgi bağyt-bağdaryn tolyqtai tanystyryğa arnaldy.

Jyindy JI jáne BD kafedrasynyñ meñgerýshisi Madina Esimhanqyzy jáne jas ғылыми qyzmetkerler Amangeldi Bibars pen Tasmýrzaev Nurdáýlet ótkizdi.

Meñgerýshi Madina Esimhanqyzy men jas ғылыми qyzmetkerler zerthana bóliminde atqarylatyn jumystar: ónerkásiptik avtomattandyryñ, robototekhnika, endirilgen IOT júieleri, jasandy intellekt, Veb-ázirleý, Front-Back END bağyttaryna tolyqtai túsinikteme berdi. Ártúrli jobalarmen tanysqan stýdent jastar atalğar bağyttarğa qyzyğyshylyq tanytyp, óz oıalaryn ortarğa saldy.

**Журнал КазНУ «International Journal of Mathematics and Physics», включен в индекс цитирования «Emerging Sources Citation Index» на платформе международной базы данных «Web of Science»**





**В конференц-зале библиотеки Аль-Фараби с участием Председателя правления – ректора НАО «КазНУ им. аль-Фараби» Жансеита Туймебаева прошло заседание ректората, на котором были заслушаны доклады проректоров КазНУ о развитии университета в 2021 году.**

Представляя стратегический план развития образовательной деятельности вуза, и.о. проректора по учебной работе Аскар Хикметов рассказал о модернизации образовательных программ, развитии инфраструктуры и материально-технической базы университета, внедрении новых учебных программ, основанных на применении передовых IT-технологий. Были озвучены основные цели, задачи и механизмы, а также ожидаемые результаты плана развития университета.

Следует отметить, что стратегический план развития университета нацелен на основную цель – подготовку квалифицированных и конкурентоспособных специалистов на рынке труда. Эта цель остается

**КАЗНУ ДОЛЖЕН РАБОТАТЬ НА РЕЗУЛЬТАТ**

приоритетным направлением в деятельности вуза и для ее осуществления требуется выполнить множество задач: в первую очередь, необходимо акцентировать внимание на отборе наиболее одаренных обучающихся, обеспечении конкурентоспособного преподавательского состава, соответствия организации учебного процесса современным трендам цифровизации, поддержании высокого качества обучения и нулевой терпимости к проявлениям академической нечестности, поддержании высокой репутации университета среди работодателей. Придерживаясь такого плана, можно добиться больших результатов.

В свою очередь, ректор Ж. Туймебаев отметил, что при обходе аудитории и лекционных залов факультетов он не обнаружил цифровых сервисов и оборудования, которые стимулировали бы познавательную деятельность студентов и академическую продуктивность преподавателей. Ректор подчеркнул, что цифровизация вуза должна стать ключевым инструментом, а потому каждая аудитория должна быть оснащена современным оборудованием и соответствовать требованиям времени.

На заседании ректората также выступили и.о. первого проректора Мухамбеткали Буркитбаев, и.о. проректора по научно-инновационной деятельности Тлеккабыл Рамазанов, и.о.

проректора по социальному развитию Шолпан Джаманбалаева, и.о. проректора по административно-хозяйственной работе Хакимжан Малаев, и.о. проректора по интернационализации и коммерциализации Мехмет Арслан.

Выступая с презентацией по стратегическому развитию вуза, Т. Рамазанов остановился на направлениях развития научно-образовательной деятельности и раскрыл ее механизмы. Самые основные из них – это увеличение научных публикаций в высокорейтинговых журналах и цитирование трудов ППС, коммерциализация разработок и инноваций, увеличение количества постдокторантов и привлечение инвестиций.

Ректор Жансеит Туймебаев подчеркнул, что гранты, выделенные из бюджета на осуществление научных проектов вуза, должны давать результат и прибыль. Такая практика значительно повысит продуктивность научно-образовательной деятельности университета. «В настоящее время уровень любого вуза оценивается по многим критериям, один из которых – количество сделанных и внедренных в производство научных открытий, которые принесли пользу государству. В этой связи надо определить проблему, пути ее решения, механизмы и работать на результат. КазНУ как лучший вуз должен соответствовать своему статусу», –

сказал ректор Жансеит Туймебаев.

Также на заседании ректората выступил и.о. проректора по административно-хозяйственной работе Хакимжан Малаев, отчитавшись о проделанной работе и озвучив цифры расходов и доходов университета.

Председатель правления – ректор Жансеит Туймебаев отметил, что запланированного текущего ремонта будет недостаточно изданием факультетов требуется капитальный ремонт, также необходимо внести конкретные предложения по совершенствованию и улучшению научно-образовательной деятельности и материально-технической базы университета.

В завершение ректор подчеркнул, что в КазНУ должны работать известные зарубежные ученые. В университете должна присутствовать здоровая морально-психологической атмосфера. «Вы элита, и ваши коллеги должны брать с Вас пример. А я со своей стороны приложу все усилия для создания комфортных условий, решения вопросов с жильем, дальнейшего увеличения заработной платы и обеспечения материально-техническим оборудованием. От вас требуется качественное образование и научные достижения», – сказал Ж.Туймебаев, резюмируя работу ректората.

**Соб. корр.**




**В целях коллаборации образовательных учреждений и реального бизнеса, распространения передовых знаний и информации, а также для реализации стратегии вуза – формирования Университета 4.0 кафедра «Бизнес-технологии» Высшей Школы экономики и бизнеса открыл центр «Smart Marketing and Logistics».**

Направление деятельности Центра включает в себя учебно-образовательную деятельность, создание научных школ и междисциплинарных курсов, консалтинг, а также участие в международных грантовых конкурсах. В рамках нашего Центра уже существуют такие научные школы, как «Электронная коммерция в условиях пандемии», «Умные» Цели поставок продовольственных товаров», «Логистические процессы в условиях пандемии».

В связи с тем, что КазНУ им. аль-Фараби позиционирует себя как научно-исследовательский университет, руководство вуза поощряет научную деятельность профессорско-преподавательского состава. Так, большой резонанс вызвал первый онлайн-семинар Центра на тему «Как опубликовать научную статью в

**SMART MARKETING AND LOGISTICS**



журналах, индексируемых в Scopus?», который был проведен с целью повышения знаний и навыков работы с зарубежными реферативными базами данных, а также повышения публикационной активности ППС. В ходе семинара были обсуждены следующие вопросы: инструкция по использованию базы данных Scopus, подбор журнала, определение критериев «хищников», полезные советы и ссылки. В семинаре приняли активное участие ППС не только КазНУ имени аль-Фараби, но и из различных университетов.

В качестве помощи для владельцев бизнеса, которые пострадали от последствий пандемии и были вынуждены перейти на онлайн-платформы, при Центре создали курс «Диджитализация бизнеса». Данный курс предназначен для малых и средних предпринимателей, маркетологов, фрилансеров и SMM специалистов. Программа данного курса включает в себя обучение маркетинговому анализу рынка, обучение продвижению бизнеса в социальных сетях: разработка SMM-стратегии, написание текстов под

разные задачи и запуск таргетированной рекламы.

Наряду с консультационной деятельностью, Центр нацелен на повышение квалификации преподавателей, на расширение сотрудничества с работодателями, на усиление международной коллаборации с учеными ведущих вузов, на привлечение к исследовательской деятельности магистрантов и докторантов, на коммерциализацию научных исследований.

Центр «Smart Marketing and Logistics» всегда открыт для перспективных и взаимовыгодных предложений как со стороны научной общественности, так и со стороны бизнеса и производства.

**З.Б. АХМЕТОВА,**  
к.э.н., ассоциированный профессор (доцент),  
заведующая кафедрой  
«Бизнес-технологии»,

**А.Б. АЛИКБАЕВА,**  
старший преподаватель



**Жалғасы. Басы 1-бетте**

Ол жалпы білім беруге баса назар аударып, оқу жоспарларының құрылымын өзгертті, соның арқасында жалпы теориялық және арнаулы пәндердің арасындағы пәнаралық байланыс орнап, студенттердің ағымдағы оқу үлгерімін жүйелі негізде бақылау жүзеге асырылды. Өзі ректор болған жылдары Өмірбек Жолдасбеков университеттегі спортты дамытуға да зор үлес қосты. Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің кезінде дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі болған Семен Лазаревич Либерман «Өмірбек Арысланұлы университетті басқарған жылдарда одақтың, Европаның, әлемнің, Олимпиада ойындарының чемпиондары пайда болды, ал спорт шеберлері басқа ЖОО-ға қарағанда көп болды» – деп үнемі мақтанышпен еске алатын.

Қазақстандағы басты жоғары оқу орнының болашағын бағалай келе, Жолдасбеков Өмірбек Арысланұлы келешекте оның өз базасы – іргетасы болуы қажеттігін түсінді. Өмірбек Арысланұлы оқу үдерісін және тәрбиелік жұмыстарды дұрыс ұйымдастыруға ескі ғимараттар мүмкіндік бере бермейтіндігін, университеттегі орын жетіспеушілігін жақсы білгендіктен, бүтіндей университет қалашығын салу бастамасын жүзеге асыруға белсене кірісті. 1975 жылы Қазақстан Компартиясының Бірінші хатшысы Дінмұхаммед Қонаевтың тікелей бақылауымен күрделі құрылыс басталды. 70 гектардан асатын, жасыл желекке оранған аймақта оқу ғимараттары, жатақханалар, зертханалардың бірегей кешені – ҚазҰУ қалашығы бой көтерді.

Қазіргі таңда көздің жауын алатын биік эәулім ғимараттарымен, тау бөктерінде



# Жақсының аты өлмейді...



орналасқан ҚазҰУ қалашығының бой көтеруі атадан балаға мұра ретінде келер ұрпақтың санасында ұлы тұлғамызға деген мақтаныш пен ерекше сағыныш естелік болып жандана бермек.

Иә, өмір-тағдыр бір қалыпты күйде тұрмайды. Өмірбек Арысланұлының өмірінде де күйінішті күндер болды. Қазақ ғылымы мен біліміне сіңірген ұлан-

ғайыр еңбегіне қарамастан, 1986 жылы ол қуғындауға ұшырады. Дегенмен, дұшпандардың жаласы оны мойыта алмады. 90-жылдары Қазақстан Республикасының Инженерлік академиясын құрып, бірауыздан оның алғашқы Президенті болып сайланды.

Ұстазым Жолдасбекова Баян Өмірбекқызының әдемі естеліктерін тыңдай отырып, Өмірбек Арысланұлы жан-жарына тамаша отағасы, балаларының асқар тау әкесі, әрбір қазақтың бауырмашыл бауыры болғанын аңғарамыз. Бүкіл өмірінің махаббатына айналған асыл жары Мая Михайловна Бағызбаевамен мектепте танысып, МГУ-да бірге оқыды. Өзі механика-математика, зайыбы филология факультетін бітірді. Мая Михайловна балалық шағы репрессия жылдарының қасіретті кезеңіне тап келіп өссе де, өмірде мейірімді де ақжарқын жан болды. Олардың үйлену тойы МГУ-дың жаңа ғимаратындағы бірінші той болды, МГУ-дың сол кездегі ректоры Иван Георгиевич Петровский өзі жастарға батасын берді.

Жолдасбековтердің отбасында үнемі шығармашылық, жанашырлық, өзара сыйластық пен еңбекқорлық қарым-қатынас орын алған еді. Өздерінің ең үздік қасиеттерін олар балаларына бере білді. Үлкен баласы марқұм Скандарбек Өмірбекұлы – ҚР ИА академигі, техника ғылымдарының докторы, Ө. Жолдасбеков атындағы механика және машинатану институтының бас директоры болып қызмет атқарды. Қызы Баян Өмірбекқызы – ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті, филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология және әлем әдебиеті факультетінің деканы қызметін атқаруда. Отбасының кенжесі Гаухар Өмірбекқызы – техника ғылымдарының кандидаты, доцент. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің», – демекші, қаны таза, асыл текті отбасының ұрпақтары да қазіргі таңда әлемге және

Қазақстанға танымал азаматтар, – деп айтсам қателеспеймін.

Академик Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің өмір жолы – Отанға шексіз беріле қызмет етудің, адамдарға мол адамгершілік және ізгі тілектестікпен қараудың, жастарға деген әкелік қамқоршылықтың, шынайы зиялылықтың жарқын өнегесі. Ғалымның хаты өлмейді, жақсының аты өлмейді, – демекші қазақтың болашағын ойлап, үлкен өмірге жол ашқан ұлы тұлғаның есімі өскелең ұрпақтың есінде мәңгіге қала бермек. Жұлдыз сөнуі мүмкін, бірақ жасаған жақсы істері мәңгі ұмытылмайды.

**Қарлығаш ЖАППАРҚҰЛОВА,**  
*филология және әлем тілдері*  
*факультетінің 3-курс докторанты*





**Академик У.А. Джолдасбеков является основоположником теории механизмов и машин в Казахстане**



# ОТАНДЫҚ РОБОТОТЕХНИКАНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН ТҰЛҒА



**Академик Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің еліміздің жоғары білім беру саласына, парламентариясына, Ұлттық Инженерлік академиясының қалыптасып, оның дамуына сіңірген ерен еңбегі баспасөз бетінде кеңінен жариялануда, жариялана да береді. Дегенмен де сан қырлы, сом тұлғалы мемлекет және қоғам қайраткерінің әлемге әйгілі болуында академиктің ғылым саласындағы соның ішіндегі машина жасау және робототехника салаларындағы еңбектерінің орны ерекше.**

Әрбір мемлекеттің экономикалық дамуы сол мемлекеттің машина жасау саласының дамуына тығыз байланысты. Машина жасау саласы дамыған мемлекеттің экономикалық дамуы да жоғары болады. Оған мысал, әлемде экономикасы дамыған алпауыт мемлекеттердің бірі – Германия. Қазіргі кезеңде Германияның Фраунгофер орталығының бастауымен дүние жүзінде сандық технологияларға, робототехникаға, 3D принтингке негізделген 4.0 Индустрия революциясы өтуде.

Машина жасау саласының теориялық негізі болып машиналар және механизмдер теориясы ғылымы болып табылады. Академик Жолдасбеков – осы машиналар және механизмдер теориясын Қазақстанда қалыптастырып дамытқан ғұлама ғалым. Машиналар және механизмдер теориясы ғылымының негізгі мақсаты механизмдер мен машиналардың құрылымдық, кинематикалық, динамикалық талдауы мен синтезі болса, қазіргі машиналардың

электроникамен, басқару жүйелерімен жетілдіруіне байланысты осы ғылымның «өрісі» кеңейіп, ол әлемде қарқынды дамып келе жатқан алдыңғы қатарлы мехатроника және робототехника ғылымдарымен жалғасып жатыр.

Мехатроника – механика, электроника, ақпаратты технология салаларын түйістіретін ғылым болса, робототехника осы мехатроника ғылымының өндіріске қажетті негізгі саласы болып табылады. Сондықтан академик Жолдасбеков – Қазақстанда мехатроника және робототехника ғылымдарының негізін қалаушы.

Қазіргі кезде автоматты түрде басқарылатын қондырғылардың бәрі робот деп аталып жүр, мысалы, робот-ойыншықтар, робот-шаңсорғыш және тағы басқалар. Негізінде роботтың өндіріске қажетті функцияларын орындайтын механизмі немесе манипуляторы болуы қажет. Американың Роботтар Институты (RIA) анықтамасы бойынша робот дегеніміз программаланған көп функциялы манипулятор, яғни роботтың

негізгі бөлімі оның манипуляторы немесе механизмі болып табылады.

Өндірісте қолданып жүрген роботтар негізінен сериялық манипуляторлардан тұрады. Сериялық манипуляторлардың құрылымы адам қолының құрылымына ұқсас болғандықтан олардың жүк көтергіштігі, динамикасы нашар болады. Сондықтан дүниежүзілік робототехника саласында соңғы уақытта роботтардың манипуляторларына, яғни механикасына көп көңіл бөлінуде.

Қазақстанда Жапонияда сияқты алуан түрлі роботтар жасалмаса да, Қазақстан ғалымдарының халықаралық робототехника деңгейінде өз орны бар. Ол – параллель роботтар. Параллель роботтардың құрылымы тұйық кинематикалық тізбекті манипуляторлардан тұрғандықтан олардың сериялық манипуляторларға қарағанда жүк көтергіштігі мен

жетекшілігімен бастаған болатын. Осы ғылыми бастаманы Өмірбек Арысланұлы қазақ еліне кеңінен таратып, қажымас және екпінді мемлекеттік, қоғамдық жұмыстарымен ұштастыра отырып, өз шәкірттерімен бірге жазық және кеңістік жоғары класты механизмдер теорияларын құрды, жүздеген ғылым кандидаттары мен докторларын даярлады, отандық және шетелдік патенттермен қорғалған теңдесі жоқ параллель манипуляторлардың жаңа түрлерін жасады. Яғни, академик Жолдасбеков еңбектері – параллель роботтардың қызметін айқындайды.

Бұл күндері Өмірбек ағаның ғылыми мектебі өзі көп жылдар бойы ректорлық қызмет атқарып, еңселі қабырғасын көтерген әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жалғасын табуда. Университетте «Сандық технологиялар және робототехника» ғылыми-білім беру орталығы ашылып, «Робототехника жүйелері» мамандығы бойынша бакалавриат, магистратура, докторантурада көптеген студенттер дәріс алуда, Ұстаз жолын жалғастыруда. Ғылыми-білім беру орталығының негізгі ғылыми бағдарламасы – параллель роботтарды зерттеу және оларды RoboMech



позициялау дәлділігі өте жоғары. Сондықтан параллель роботтарды тау-кен, металлургия, аэроғарыш өндірістерінде кеңінен пайдалануға болады.

Осы параллель роботтарды зерттеу халықаралық деңгейде жақында қолға алынып жатса, академик Жолдасбеков параллель роботтардың негізі болып табылатын жоғары класты механизмдерді зерттеуді өткен ғасырдың алпысыншы жылдары М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің механика-математика факультетінде дәріс алып жүргенде IFToMM президенті академик И.И. Артоблевскийдің ғылыми

класты параллель манипуляторларда, жасалып жатқан «Ai-Gerim» әлеуметтік гуманоид роботында, интеллектуалды электрлі көліктерде қолдану.

Уақыт өткен сайын Ұлы Ғалымның, Ұлы Ұстаздың асыл тұлғасы айқын көріне бермек, ерен еңбегі жалғаса бермек.

**Жұмаділ БАЙҒҰНШЕКОВ,**  
ҚР ҰҒА және ҰИА академигі,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
«Сандық технологиялар  
және робототехника»  
орталығының директоры



**Кафедра «Бизнес-технологии» совместно с сотрудниками компании DAMU Logistics провела онлайн-встречу со студентами 1-4 курсов специальности «Логистика»**



# СОВРЕМЕННАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ВЫЧИСЛЕНИЯ

На сегодняшний день моделирование различных процессов и явлений нашло необычайно широкое применение во многих областях науки. Моделирование – главный способ познания окружающего мира.


Однако, вычислительная сетка масштабных расчетных областей потребует огромных размеров, что, в свою очередь, крайне затрудняет решение сложных трехмерных задач. Возникшая ресурсозатратность привела к необходимости распараллеливания вычислений при моделировании сложных прикладных задач.

Параллельные вычисления (одно-временное выполнение одной и той же программы) позволяют уменьшить время выполнения одной программы. На сегодняшний день, благодаря использованию новейшей высокопроизводительной техники, получено значительное продвижение в решении вычислительных проблем механики, современной физики, квантовой химии, биологии и по другим направлениям науки.

Сотрудники кафедры «Математическое и компьютерное моделирование» принимают активное участие в решении перечисленных задач. На основе приобретенного опыта созрела убежденность в необходимости и реальности дальнейшего продвижения в высокопроизводительных вычислениях. Для успешного решения этих задач большое значение имеет подготовка квалифицированных специалистов. Многие спецкурсы, которые читаются преподавателями кафедры, посвящены вопросам создания математических моделей для решения сложных задач механики и эффективной их реализации на многопроцессорных вычислительных системах.

В результате освоения курса студенты МКМ умеют: использовать особенности различных архитектур высокопроизводительных вычислительных систем; создавать параллельные программы с использованием OpenMP и MPI; используя полученные знания и навыки, ускорять работу существующих последовательных программ, создав на их основе параллельные программы.

**А.А. ИСАХОВ,**  
**Е.Ж. ЖАНДАУЛЕТ,**  
*преподаватели кафедры  
математического и  
компьютерного моделирования*



На факультет журналистики в онлайн-формате прошла VIII зимняя школа международной журналистики и коммуникации на тему «Доступное радио каждому жителю и всему населению: в борьбе с пандемией COVID-19», приуроченная к 100-летию «Qazaq Radiosy» и Всемирному дню радио. Мероприятие объединило участников из семи стран мира.

Декан факультета С. Медеубек поприветствовал участников зимней школы, поздравил с Днем радио главного директора ТОО «Қазақ радиолары» Ернура Бұрахана, коллектив радио, специалистов практиков из регионов страны, из Европы, США, России, Китая, Афганистана, Вьетнама, Киргизии, Узбекистана, Таджикистана, студентов и преподавателей-ученых факультета журналистики. В своем выступлении он особо отметил роль радио, отвечающего за передачу оперативной информации населению.

Зимняя школа международной журналистики и коммуникации успела стать доброй традицией. Мероприятие, приуроченное ко Всемирному Дню радио, проводится при поддержке Кластерного Бюро ЮНЕСКО в Алматы. По сути, это медиаплощадка для обучающейся молодежи и профессиональных журналистов.

Ключевая тема зимней школы «Новый мир. Новое радио. Эволюция. Инновация. Перекресток» определила основные направления работы школы: развитие, инновации, взаимосвязь.

**Қазіргі кезде жастардың позитивті сипаттамаларымен қатар олардың әлеуметтік-саясаттық инфантилділік белгілері көрініс таба бастады.**

Ұлттық мәдени бірегейлікті жоғалту, индивидуализм мен эгоцентризм, девиантты және деликвентті мінез-құлық, ұлттық жауынгерлік, өзін-өзі өзектендіру және өмірлік перспективасының жоқтығы, рухани және мәдени құндылықтардың диверсификациясы. Осының барлығы жастардың арасында радикализм, экстремизм және терроризмнің тенденцияларын тудырады.

Экстремизм алуан түрлі, сонымен қатар, оны тудыратын мотивтер де әр түрлі. Негізгі мотивтері: материалдық, идеологиялық, түрленуге құмарлық және нақты жағдайға қанағаттанбаушылық, адамдарға билік жүргізу, белсенді қызметтің жаңа түріне қызығушылық, жолдастық, өзін-өзі танытуы, жастық романтика, батырлық, өлім қаупіндегі ойындық тартымдылық.

Жастарды радикализмге, экстремизмге және терроризмге тарту үдерісін зерттеуші мамандар радикализм экстремизмге қарағанда ең алдымен идеяның мазмұнды жағына («түбірлі», міндетті түрлі экстремалды болмауға да болады), екінші кезекте оны жүзеге асыру әдістері туралы біртұтас пікір білдіруде. Радикализм жүзеге аспай «идеялық» қана болуы мүмкін, ал экстремизм жоспарланбай да жүзеге асуы мүмкін. Экстремизм бірінші кезекте, күрестің тәсілдері мен әдістеріне назар аударып, мазмұнды идеяларды екінші жоспарға қалдырады. Терроризм экстремизмнің соңғы формасы ретінде радикалды негізден туындайды, бірақ оның ескертулері жүзеге аспауы мүмкін болғандықтан, радикалды механизмдерден оны жақтаушылармен жүзеге асырылып қойған, тек қана зорлық әдістерінің түрін таңдау ғана қалады (терроризмнің идеологиялық доктринасының негізі радикализм және экстремизм).

Осыған сәйкес, радикализмнің алдын алу бойынша қызметтердің идеологиялық сенімді стратегиялық бағдарламасы



Специалист Кластерного Бюро ЮНЕСКО в Алматы Сергей Карпов отметил возможности радио при чрезвычайных ситуациях спасти жизни людей и противостоять угрозам.

Представитель департамента глобальных коммуникаций ООН РК Властимил Самек назвал героизмом деятельность репортеров в дни локдауна. В борьбе с вирусом радио стало оперативным и достоверным средством массовой информации. В этой связи он особенно отметил информационную борьбу на волнах ТОО «Қазақ радиоларлы» в борьбе с ложной информацией во время пандемии COVID-19.

Среди спикеров медиамероприятия своим мнением о развитии национального радио поделились: профессор Колумбийского университета Гульнар Кендирбай, профессор университета Коменius Владимир Бацисин, заведующий отделом теории и практики журналистики Государственного Алтайского

университета, профессор Елена Васильевна Лукашевич, декан факультета журналистики Киргизского национального университета им. Ж.Баласагуна Айна Дуйшекеева, декан факультета международной журналистики Государственного университета мировых языков Узбекистана Амрулло Каримов, доцент Славянского университета Таджикистана Шаходат Сайбназарова.

По результатам проведенного мероприятия ученые-журналисты университетов Центральной Азии предложили издать научно-аналитический журнал по изучению модели национального развития и общих тенденций на медиарынке. Основным направлением журнала станет анализ актуальных проблем, передовых кейсов, общественных дискуссий на евразийском медиaprостранстве.

Соб. корр.

# ЖАСТАРҒА ДҰРЫС ДІНИ АҚПАРАТ БЕРУ МАҢЫЗДЫ

жасалса, радикалды әсерлерді ескертуге болады деген болжам айтуға болады.

Санкт-Петербургтік мемлекеттік университеттің кешенді әлеуметтік зерттеулер ғылыми-зерттеулер институтында жастар мәселесі зертханасында жиналған экстремизмге жүргізілген көп жылдық тәжірибе оны биологиялық және әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, ашулы ниет пен мағына бар болған жағдайда шектен асып кету ықтималдылығы негізі жатыр; әлеуметтік жүйені немесе оның белгілі-бір бөлімін қиратуға бағытталған және мінез-құлық формасы, типі, қоғамдық норма шекарасынан шыққан, жас адамдардың белсенділігінің ерекше формасы.

Жастар арасындағы экстремизм және терроризм мәселесі соңғы он жылдықта ескерусіз қалмады, олар оқу, әдістемелік құралдарда кең көрініс табады. Сонымен қатар, халықаралық терроризм мәселесі де ескерусіз қалған жоқ.

Соңғы жылдардағы жұмыстарды талдау экстремистік қылмысты және қылмыстық жағдайды қолға алу мақсатында көмелеттік жасқа толмағандарға тәрбиелік алдын алу сипатындағы жұмыстар жүргізу арқылы, жастар арасында алдын алу жұмыстары көптеген әлем елдерінде күшейе түскенін көрсетті.

Шынымен де заманауи қоғамның ақпараттық ашықтылық жағдайында жақын және орта шығыс елдерінен шығатын діни экстремизмді насихаттау заңдылық үлгіде Қазақстанның шекараларына жетеді. Қазақстан ҰҚК басшыларының атынан Нұртай Абықаев «идеологиялық экстремизм мен терроризмнің жаппай интернет арқылы насихатталуы» туралы, сонымен қатар, әртүрлі миссионерлердің елге заңсыз түрде экстремистік әдебиеттерді әкелуін мәлімдеді.

Сонымен бірге 2016 жылы Алматы қаласында «КИПР» атты аналитикалық топ «Мемлекет модернизациясының міндеттері контекстінде қазақ жастарының этникалық, діни және

азаматтық бірегейлігін қалыптастыру» атты сараптамалық талқылау өткізді. Конференция барысында сарапшылармен Қазақстандағы жастардың радикалдылығының нақты қауіптілігі айтылды. Сарапшылардың негізгі талқылауы саясаттанушылар мен әлеуметтанушылардың ассоциациясы (АСИП) жүргізген үлкен көлемдегі әлеуметтік зерттеу болды, зерттеу нәтижесі бойынша этникалық және діни әсері негізінен, жастар ортасында конфликттік потенциал деңгейінің жоғары екендігі анықталған.

Оқу және ғылыми әдебиеттерде радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің алдын алу бойынша, қоғамдағы бұндай құбылыстарды таратуды болдырмау және ескертудің заманауи әдістеріне негізделген ақпараттар жеткілікті.

Сонымен бірге, жастар мен жасөспірімдердің мінез-құлқының адамгершілік-құндылықтық мотивациясын негізге алу радикализмнің алдын алу жұмыстарының жаңа бағыты сияқты көрінеді.

Қорытындылай келе, қоғамдағы үйреншікті моральдық-этникалық құндылықтарды терістеу және дүниетанымға қарсы агрессивті үгіттің алдын алу ретінде, өзін-өзі ұстай білу, іс-әрекеттерге жауап беру, максимализм мен нигилизм, радикализм мен шыдамсыздық, ұшқалақтық пен бітіспестік, әлеуметтік мәдениеті төмен топтардан аулақ болу тәрбиенің рухани-танымдық әсері болмақ. Сондықтанда жастардың рухани құндылықтарын арттыру діни радикалдық көңіл-күйді төмендетеді деп ойлаймыз.

**Балжан ТАСТАНБЕК,**  
*дінтану мамандығының  
4-курс студенті,*

**Нұрсұлу ӘЛТАЕВА,**  
*аға оқытушы*



«Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз» – деп басталған ел президенті Қ.Ж. Тоқаевтың мақаласы сонау ел басынан өткен көптеген жетістіктер мен ауыртпалықтарын, тарих бетіне жазылып жатқан өмір жолдарын еске түсіргендей...

Елбасының ел тарихын үш онжылдыққа, яғни «Бірінші он жыл – жаңа Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі», «Екінші он жылдық – Қазақ елінің керегесін кеңейту кезеңі», «Үшінші онжылдықта шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналдық» – деп бөліп көрсетуі де мемлекетіміздің тарихының жаңаланып, қалыптасуының ауқымдалып жатқандығына нақты дәлелдерді толықтырғандай.

«Бүгінде Тәуелсіздік құрдастары ойы толысқан отыз жасқа толды. Егемен елде дүниеге келіп, өсіп-жетілген олардың санасы сергек, көзқарастары да, өмір салттары да өзгеше. Тіпті, Тәуелсіздікті ешбір дәлелді қажет етпейтін аксиома деп біледі. Бұл – егемендік ұғымы жастардың санасына берік орныққанын көрсететін қалыпты құбылыс. Бірақ Тәуелсіздік құндылығы жадына біржола шегеленіп, мәңгі сақталуы үшін өскелең

## ТӘУЕЛСІЗДІК – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ



ұрпақ оның қадірін білуі керек» дей келе, өз мақаласында Ел Президенті мәдени мұраның қалыптасуына, кино индустриясының жетілуіне, толық зерттелмеген ашаршылық, тәуелсіздік құрбандары жайындағы тарихи-деректі кино-фильмдерді көбірек насихаттау керектігін де ескеріп өтті.

«Егемендігіміздің мәңгілік ұштағаны – Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қастерлі тіліміз және барлық қиындықтардан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз. Біз осы үш құндылықты көздің қарашығындай сақтаймыз» – дей келе, ел жастарының отаншылдық сезімін оятып өткісі келгендей. «Отан – отбасынан басталады» деп бекер айтылмаған, бірақ «Отаным» деп отырған жастардың саны да санаулы-ау деп өкініш білдіріп жатамыз. Иә,

әр отбасы өз баласын отбасын сүюді үйретуден бастаса, бала тәрбиесінде нақты жаман мен жақсыны, дұрыс пен бұрысты кішкентай кезінен бойына сіңіре берсе, «Елім! Жерім!» деп өсетін патриот ұрпақты тәрбиелей алатын ел болатындығымызды айшықтай түсері анық.

Тәуелсіз елдің негізгі құндылығы – ана тілін жетік меңгеру, оны құрметтеу! Мемлекет басшысы Қ.Ж. Тоқаев та ана тілін бағалап қана қоймай, сол бағытта көптеген еңбектер жасалып, еліміздің ілгері қадамын жасауына септігі тиіп жатқан жайттарды да ашып өтті. Иә, қазақ тілінде, ана тілінде толыққанды сөйлеп кетпесек те, әлі де болса шұбарланып жүрсек те оны бойымызға сіңіру, ұрпағымызға үйрету, бойы мен қанында ана тілінің буын қалыптастыру әр азаматтың өз қолында. Сондықтан, ел басының мақаласында бала тәрбиесінің маңыздылығын тілге

тиек етуі бекер еместігін сезініп отырмыз.

Осы мақала қарапайым, әрі күнделікті назарда жүрген көкейтесті мәселелер жазылғанымен де жауапкершілігі орасан зор, уақыттың еншісіне байланысып келе жатқан ауқымды мәселелерді, шынайы жауапкершілікті талап етіп отырған жағдайлар қарастырылып отыр. Оны «Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу» – деп көрсетіліп кеткен тармақтардан да сезінуге болады.

«XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс», осыған орай айтарымыз, еліміздің сауатты ұрпақ, білімді жастарды тәрбиелеу әр ұстаздың басты мақсаты. Болашақ мамандығын таңдауда ата-ана кеңесін тыңдап, өзінің қалауын таңдап отырған жастар да бар. Ондай жастар өз мамандығын сүйіп, бағалап оқуға бар күш-жігерін салары анық. Студент пен оқушының өз мамандығын ары қарай сүйемелдеп, талпынып, шын көңілімен қалап оқуы оқытушы мен ұстаздар қауымының орасан зор еңбегін, біліктілігі мен шыдамдылығын талап етеді. Қазіргі ЖОО-ның ұсатымы мен қалыптастырып отырған стратегиялары осының нағыз дәлелі.

**А.Б. АЛИКБАЕВА,**

**Н.М. ТУРЛЫБЕКОВА,**

*экономика және*

*бизнес жоғары мектебі,*

*«Бизнес-технологиялар»*

*кафедрасының аға оқытушылары*

**Бүгінде әлемдік дамудың беталысын ақпараттық қоғам түсінігінсіз елестете алмаймыз. Ақпараттық қоғамның цифрлы өлшемдері заманға тез икемделетін, бейімделетін жаңа параметрлерді ұсынып келеді.**

Цифр – әлдеқандай сандардың жиынтығы емес, көне замандағы рәміздердің дәстүршілдік пен жаңашылдық бойынша қайталанған үлгілері. Қарапайым тілмен айтсақ, цифрлар белгілі бір өлшемде жиынтық ақпараттардың мәнін және оның мазмұнын бір сәтте анықтай алады. Ол жоғарыда айтқандай цифрдің кодтарына байланысты.

Цифрлық қоғам «шифр-цифр-код» деген түзілімді заманауи прогресс жағдайында ерікті-еріксіз түрде қабылдауға мәжбүр. Мәселен, шифр болашаққа және қоғаммен жеке тұлғаға қатысты арналған кодтардың жиынтығы деп білеміз. Шифр белгілі бір өлшемдегі рәміздер, аллегориялар, тұспалды ойлар түрінде берілуі мүмкін.

Медиакеністік адамзаттың даму эволюциясының қазіргі кезеңіндегі корпус. Бірақ бұл корпус біз үшін өзін-өзі танытын бірегейленетін мағынадағы және өзін-өзі қайталайтын, мүмкін қателесетін, мүмкін верификациялайтын, ықтимал

## ӨРКЕНИЕТКЕ ҰМТЫЛЫС

жағдайда фальсификациялайтын жаңа феномен.

«Цифрлық Қазақстан» халықтың әлеуметтік жағдайын ойлау және оны қамтамасыз ету барысында көптеген саяси бағдарламалар ұсынды. Ондай саяси ұстанымдар халыққа игілікті қызмет етуге арналған, қарапайым тілмен айтсақ, халыққа қызмет көрсету орталығынан бастап депутаттарға онлайн түрінде дауыс беруде қоғамның жетістігі деп айта аламыз. Осы үрдістің философиялық астарлары былайша түйінделеді.

Біріншіден, ақпараттық қоғам және «Цифрлық Қазақстан» байланысын біз әлеуметтік-философиялық тұрғыдан таразылай аламыз. Оның негізгі түйткілді тұстары былай құрылады. Бұрын медиа кеңістік өзінің тиімді түрдегі форматтарын верификацияламай көрсеткен болса, жағымсыз ақпараттарды фальцификациялайтын медиа корпустарды ресми негізде құруға тиіспіз. Осыған орай, біз Цифрлық Қазақстанда ұлттық қауіпсіздік аясында жаңа инновациялық үлгілер ұсына аламыз. Оны осы тараудың үшінші бөлімінде толықтай баяндайтын боламыз.

«Цифрлық Қазақстанның» қазіргі заман тілімен айтқанда, мынадай ұстанымдары

құрылады. Біздің ойымызша, заманымыздағы дамудың эволюциясы жаңаша өркениетке ұмтылады және соған еліміздегі психологиялық климатқа ыңғайластыру тәсілдерін ұсынамыз. Бұл әлеуметтік психологиялық техно-логияларды басшылыққа алады. Осыған орай, жаңаша интеллектуалды ұлт қалыптастыру саясатына сәйкес келетін өзіміздің өлшеміміз бойынша тарихилық пен логикалықтың өлшемдеріне орай мынадай парадигмалар орнықты болады.

Қазіргі замандағы ақпараттық кеңістіктегі дамудың перспективті бағдарларын құру ғылыми және тәжірибелік мақсаттарға ұсынылуы тиіс. Мұндай өлшемдер ғылыми дискурс аясында кең және кіші масштабта бағдарланады. Нақтырақ айтсақ, еліміздегі ақпараттық кеңістік өлшемдігіне байланысты. Жоғарыда айтылғандай, ақпараттық қауіпсіздік аясында деңгейлерді әртүрлі өлшемдерде қарастыруға болады. Психофилософиялық тұрғыдан және саяси-әлеуметтік негізде, сонымен қатар, танымдық-онтологиялық негіздеме параметрлері тұрғысынан қарастырсақ, өлшем деңгейлері дүниежүзілік эволюциядағы тарихи әлеуметтік кеңістіктегі әрқилы параметрлерден құрылған. Бірақ ондай параметрлер өзін-өзі сұранып тұрғандай

және өзін-өзі қайталайтын тұрғыларды иеленді. Адамзаттың даму эволюциясы қашанда өткеннің тарихын қайталап қана қоймайды.

Ол болашаққа бой сермейтін бағдарды құрайтын жаңаша форматтарға ұмтылып отырады. Бұндай перспективті мазмұн үнемі әрбір ұлттар мен ұлыстардың мақсаты мен мұраттарына айналған. Осыдан біз «не үшін адамзаттың дамуының келешегі туралы іргелі онтологиялық мәселелерді қалай құрамыз?» деген сауалға кеңірек тоқталып өтеміз. Егер идея, идеологизм аясында маңызды субъективті фактор ретінде қабылданса, ақпараттық идеология ретінде қабылданса, тәжірибе жүзінде ондай элементтер басқаша сипатталады.

Ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын, болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау бұл орта мерзімді перспективада республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға себеп болады.

**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,**

*философия кафедрасының*

*оқытушысы, PhD докторы*

<b>ҚҰРЫЛТАЙШЫ:</b>	<b>РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:</b>	<b>МЕКЕНЖАЙЫ:</b>	
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты	<b>Бас редактор:</b> Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ <b>Тілшілер:</b> Айнұр АҚЫНБАЕВА, Светлана ӨМІРҒАЛЕЕВА <b>Фототілші:</b> Марат ЖҮНІСБЕКОВ <b>Корректор:</b> Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА	050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48. Электронды мекенжай: <b>kazuniver2016gazeta@gmail.com</b> Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Басылымның Pdf нұсқасы www.kaznu.kz сайтына орналастырылды.	Бағасы келісім бойынша.
		● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. ● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. ● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті. ● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.	
Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген			